**Сәулет, қала салу және құрылыс қызметінде лицензия беру саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 175 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 20267 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Кіріспе жаңа редакцияда көзделген** - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.05.2026 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10 -бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мынадай:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушы* | *К. Ускенбаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-қосымша жаңа редакцияда көзделген -** ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.05.2026 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 1 сәуірдегі
№ 175 бұйрығына
1-қосымша

## "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және іздестіру қызметіне лицензия беру рәсімін регламенттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің

желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

2) біліктілік талаптары - өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

4) лицензиат - лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.

3. "Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Іздестіру қызметіне лицензия беру" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Қайта ұйымдастыру себептері бойынша іздестіру қызметіне лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу және (немесе) алу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен бірге олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 136 бұйрығымен бекітілген бірыңғай біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сәйкестігін қарайды - 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және "жеке кабинетке" жолдайды.

3) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарау нәтижелері бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда іздестіру қызметіне лицензияны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарайды лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

8. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда) жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 6) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған

жағдайларға қолданылмайды. Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің

24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **"Іздестіру қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі<br>Инженерлік-геодезиялық жұмыстар;<br>Инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар;<br>Заңды тұлға-лицензиатты бөлу және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде және санат бере отырып , лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияны қайта ресімдеу;<br>Лицензиат-дара кәсіпкерді қайта тіркеу, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген кезде лицензияны қайта ресімдеу, лицензиат-заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде лицензияны қайта ресімдеу, лицензиат-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген кезде лицензияны қайта ресімдеу** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz.<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде, лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу - 5 жұмыс күні;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеу кезінде - 3 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Іздестіру қызметіне лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және қайта ресімдеу, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 1) лицензия беру үшін-10 айлық есептік көрсеткіш;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін-лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %.<br>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.<br>Іздестіру қызметіне лицензия алуға, лицензияны қайта ресімдеуге электрондық сұрау салу берілген кезде төлем " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды |

| | | |
|---|---|---|
| | | және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | 1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны, штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін инженер-техник жұмыскердің болуын және ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуының болуын растайтын құжаттармен қоса беріледі;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеген кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған, нысан бойынша өтініш;<br>3) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде, лицензияны қайта ресімдеген кезде:<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;<br>заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген бөліп шығарған заңды тұлғаның лицензияны бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеуге келіскені туралы шешімінің электрондық көшірмесі;<br>Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;<br>3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;<br>4) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;<br>5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш |

| | | |
|---|---|---|
| | | беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;<br>6) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

"Іздестіру қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

## Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

______________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

______________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

___________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________________

Телефондары _____________________________________________________

Факс ____________________________________________________________

Банк шоты _______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

___________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға __________ ______________________________________________________
___

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Іздестіру қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаныалуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

________________________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

________________________________________________________________________________
________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан орны,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда

- шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі )

________________________________________________________________________________
________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін )

________________________________________________________________________________
________

__________________________________ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________________________________
_________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________
__

Телефондары ______________________________________________________
__

Факс ________________________________________________________________

__

Банк шоты ___________________________________________________________

__

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____________________________________________________________________

________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ _______________________________________________

__

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Іздестіру қызметіне лицензия<br>беру" мемлекеттік қызмет<br>көрсету қағидаларына<br>4-қосымша

**Іздестіру қызметіне лицензияға мәліметтер нысаны**

Жеке тұлға үшін өтініш берушінің біліктілігі және заңды тұлға үшін инженер-техник

қызметкерлері туралы мәліметтер

(лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

1) Жеке сәйкестендіру нөмірі_______________________________________________

2) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)___________________________________

3) Лауазымы _________________________________________________________

4) Осы ұйымда ___________________________________________ жұмыс істейді.

(тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтінін көрсету)

5) Жұмыс өтілі _______________________________________________________

(мамандығы бойынша және атқарып отырған жұмысындағы өтілін көрсету)

6) Оқу орнының атауы _________________________________________________

7) Бітірген жылы _____________________________________________________

8) Дипломы бойынша біліктілігі ________________________________________

9) Дипломы бойынша мамандануы_______________________________________

10) Шетелдік білім беру ұйымдарында алған білімі туралы құжаттарын тану және/немесе нострификациялау туралы ақпарат _____________________________________

____________________________________________________________________

(куәліктің нөмірін және берілген күнін көрсету)

Өндірістік база туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)

11) Өндірістік базаның мекенжайы ______________________________________

____________________________________________________________________

12) Ауданы __________________________________________________________

13) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі

____________________________________________________________________

14) Жалға алу туралы шарттың нөмірі ___________________________________________
___

15) База мыналармен жарақталған: (болған жағдайда, "X" белгісін қою қажет)

Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін орындау

үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен

________________________________________________________________________________
________

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен _______________
___

________________________________________________________________________________
________

Сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулық туралы мәліметтер

16) Жұмыстардың тиісінше орындалуын және сапаның қамтамасыз етілуін

регламенттейтін сапаны бақылау жүйесі бойынша бекітілген нұсқаулықтың деректемелері

(норманы бақылау, жұмыс жүргізудің сапасын бақылау)

________________________________________________________________________________
________

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар мен

нұсқаулықтар туралы мәліметтер

17) Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жүйесі бойынша бекітілген қағидалар

мен нұсқаулықтардың деректемелері ___

________________________________________________________________________________
________

Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған

санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

18) Атауы ______________________________________________________________
__

19) Өлшем бірлігі _______________________________________________________
__

20) Саны _______________________________________________________________
__

21) Пайдалану мерзімі ____________________________________________________
___

22) Сипаттамасы (маркасы, қуаты), сапалық құрамы ___________________________
__
_________________________________________________________________________
__
_________________________________________________________________________
__
23) Ескертпе ____________________________________________________________
___
_________________________________________________________________________
__

"Іздестіру қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

_________________________________________________________________________
________
(лицензиардың толық атауы)
_________________________________________________________________________
________
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )
_________________________________________________________________________
________
(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)
______________________________________________________ жүзеге асыруға 20___ жылғы
" "___________ № _____________, _______________ берілген,
(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)
лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
(керектің асты сызылсын)
мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):
1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _______
2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _______

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _________________________________

_____________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________

Факс _______________________________________________________________

Банк шоты ___________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі

______ парақ қоса беріліп отыр.

Осымен:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және
оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту
мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен
айналысуға сот тыйым салмайтыны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып
табылатындығы расталады;
өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде
ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі
шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.
Жеке тұлға ____________ ___________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Іздестіру қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
6-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

___________________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан орны,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда
- шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі )
________________________________________________________ жүзеге асыруға ( қызметтің түрі
және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы) 20___ жылғы " " ____________ №

__________, ____________ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны (керектің асты сызылсын)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар

туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы

бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін - елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жайлар))

Электрондық пошта ____________________________________________________________

Телефондары ______________________________________________________________
__
Факс ____________________________________________________________________
__
Банк шоты _______________________________________________________________
__
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ ___________________________________________________
__
(қолы)                (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _______________

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**2-қосымша жаңа редакцияда көзделген -** ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.05.2026 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 1 сәуірдегі

№ 175 бұйрығына
2-қосымша

## "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және жобалау қызметіне лицензия беру рәсімін регламенттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

2) біліктілік талаптары - өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

4) лицензиат - лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.

3. "Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған

түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Жобалау қызметіне лицензия беру" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Санат беру және қайта ұйымдастыру себептері бойынша іздестіру қызметіне лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу және (немесе) алу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің ( қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен бірге олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 136 бұйрығымен бекітілген бірыңғай біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сәйкестігін қарайды - 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және "жеке кабинетке" жолдайды.

3) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарау нәтижелері бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда іздестіру қызметіне лицензияны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарайды лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

8. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда) жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 6) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды. Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Неғұрлым жоғары санаттағы жобалау қызметіне лицензия алған кезде төмен санаттағы жобалау қызметіне лицензиялары жарамсыз деп есептеледі.

11. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| **"Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі** |
|---|
| **Қала құрлысын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, тарихи құрылыс аудандарында қала құрылысын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау;**<br>**Ғимараттар мен құрылыстардың сәулеттік жобасы (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды қоспағанда, сәулет-реставрация жұмыстарына жобалау құқығымен), оның ішінде объектілердің бас жоспарлары, аумақты инженерлік дайындау, абаттандыру және рельефті ұйымдастыру;**<br>**Құрылысты жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеуге және (немесе) реконструкциялауға, сондай-ақ төменде көрсетілген жұмыстардың әрқайсысы үшін нығайту құрылымдарын жобалау құқығымен) және жобалау;**<br>**Инженерлік жүйелер мен желілерді жобалау;**<br>**Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);**<br>**Өндірістік объектілерді технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);**<br>**Көлік, коммуникация және коммуникация инфрақұрылымы объектілерін технологиялық жобалау (құрылыс жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу);**<br>**Технологиялық жобалау (көлік құрылысы жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу;**<br>**Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы объектілерін салуға арналған технологиялық жобалау (жобалардың технологиялық бөлігін әзірлеу);**<br>**Лицензиат-заңды тұлғаны бөлу және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде және лицензияны санат бере отырып қайта ресімдеу кезінде лицензия беру және қайта ресімдеу;** |

| | | |
|---|---|---|
| **Жеке кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеу, оның атауын немесе заңды мекенжайын өзгерту кезінде лицензияны қайта ресімдеу, заңды тұлға-лицензиаттың атауын және (немесе) орналасқан жерін өзгерту кезінде лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қайта ресімдеу жеке лицензиаттың тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту;** | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz.<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде және санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу - 5 жұмыс күні;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеу кезінде - 3 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Жобалау қызметіне лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және қайта ресімдеу, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 1) лицензия беру үшін - 10 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.<br>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.<br>Жобалау қызметіне лицензия алуға, қайта ресімдеуге, электрондық сұрау берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| | | 1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны, штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін инженер-техник жұмыскердің болуын және ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуының болуын растайтын құжаттармен қоса беріледі;<br>лицензиаттың немесе шетелдік тұлғалар өтініш берген жағдайда, I немесе II санаттағы лицензия алу қажет болғанда,- біліктілік талаптарына сәйкес іске асырылған объектілер туралы растайтын құжат, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі;<br>филиал арқылы шетелдік тұлға өтініш берген жағдайда, I немесе II санаттағы лицензия алу қажет болғанда, лицензияның немесе шет мемлекеттің шетелдік тұлғалар үшін жобалау қызметіне тиісті растамасы бар тиісті рұқсат беру құжатының көшірмесі, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі ;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеген кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | ЭЦҚ қойылған нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған, нысан бойынша өтініш;<br>3) санат берілуіне байланысты лицензияны қайта ресімдеген кезде порталға:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>лицензияның және лицензияға қосымшаның электрондық көшірмесі (мемлекеттік ақпараттық жүйелерде лицензия туралы мәліметтер болмаған жағдайда);<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі;<br>4) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде, лицензияны қайта ресімдеген кезде:<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;<br>заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде Қазақстан | |

| | | |
|---|---|---|
| | | Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген бөліп шығарған заңды тұлғаның лицензияны бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеуге келіскені туралы шешімінің электрондық көшірмесі;<br>Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден " электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;<br>3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;<br>4) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;<br>5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;<br>6) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады. |
| | | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

"Жобалау қызметіне лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________________________

__

Телефондары ____________________________________________________________

__

Факс ___________________________________________________________________

__

Банк шоты ______________________________________________________________

__

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________

________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға __________ ___________________________________________________

___

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Жобалау қызметіне лицензия<br>беру" мемлекеттік қызмет<br>көрсету қағидаларына<br>3-қосымша<br>Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан орны,
заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі
болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін )

______________________________________________________________________________________

_________________________________ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға
қосымшаны беруіңізді сұраймын

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____________________________________________________

Телефондары __________________________________________________________

Факс _________________________________________________________________

Банк шоты ____________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

______________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және олларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ____________ ______________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Жобалау қызметіне лицензия<br>беру" мемлекеттік қызмет<br>көрсету қағидаларына<br>4-қосымша<br>Нысан

**Жобалау қызметіне лицензияға мәліметтер нысаны**

Инженер-техник жұмыскерлер туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ лицензияны

I санатқа қайта ресімдеген кезде толтырылады)

1) Жеке сәйкестендіру нөмірі______________________________________________

2) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)____________________________________

3) Лауазымы _________________________________________________________

4) Инженер-техник жұмыскердің аттестатының болуы __________________________

______________________________________________________________________________
________

(аттестаттың нөмірі мен берілген күнін көрсету)

Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)

5) Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар орналасқан объектінің мекенжайы

______________________________________________________________________________
________

______________________________________________________________________________
________

6) Ауданы ______________________________________________________________
___

7) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі _______________________
___

______________________________________________________________________________
________

8) Жалға алу туралы шарттың нөмірі ______________________________________
___

9) Жалға алу туралы шарттың нөмірі мыналармен жарақталған:

(болған жағдайда, "X" белгісін қою қажет) Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін орындау үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен ________

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен ______________
_________

______________________________________________________________________________
________

Өзге талаптар (лицензия алған және лицензияны I және II қайта ресімдеген кезде толтырылады)

10) Жұмыс тәжірибесі _____________________________________________________
___

11) Іске қосылған объектілер _______________________________________________
__

______________________________________________________________________________
________

______________________________________________________________________________
________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

12) Пайдалануға беру актілерінің және орындалған жұмыстар актілерінің деректемелері ________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

13) Атауы ________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

14) Өлшем бірлігі ________________________________________________________________________________________

15) Пайдалану мерзімі ________________________________________________________________________________________

16) Сипаттамасы (маркасы, қуаты)________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________________

17) Ескертпе ____________________________________________________________
___

_____________________________________________________________________
________

"Жобалау қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

_____________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

_____________________________________________________________________
________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі
)

_____________________________________________________________________
________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

______________________________________________________________ жүзеге
асыруға

20___ жылғы " "__________ № ____________, _____________ берілген,

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),

берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)

берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны

(керектің асты сызылсын)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі ______
_

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі ______
_

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар

туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған

жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ___________________________________

_____________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________________

Факс ________________________________________________________________________

Банк шоты ___________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға ___________ ____________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Жобалау қызметіне лицензия
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
6-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

____________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі )

_____________________________________________________ жүзеге асыруға ( қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы) 20___ жылғы " " _______ ______ №

____________, _____________ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы

бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________________

___________________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін - елі, пошталық индексі, облысы, қаласы,

ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жайлар))

Электрондық пошта ____________________________________________________________

Телефондары ___________________________________________________________________

Факс _________________________________________________________________________

Банк шоты _____________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________
________
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,
көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
______ парақта қоса беріліп отыр.
Осымен:
көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және
оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту
мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;
өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен
айналысуға сот тыйым салмайтыны;
қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып
табылатындығы расталады;
өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде
ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі
шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.
Басшы ______________ ___________________________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _______________

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**3-қосымша жаңа редакцияда көзделген** - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 22.05.2026 № 254 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 1 сәуірдегі
№ 175 бұйрығына
3-қосымша

## "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10

-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленген және құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру рәсімін регламенттейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

2) біліктілік талаптары - өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) лицензия - жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

4) лицензиат - лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.

3. "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін құжаттармен бірге өтінішті электрондық құжат нысанында, электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған түрде "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz немесе сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны "e-Qurylys.kz" ақпараттық (www.equrylys.kz) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе).

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесін қамтитын қосымша, оның ішінде "Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша негізгі талаптар тізбесі).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағымен анықталған.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Санат беру және қайта ұйымдастыру себептері бойынша іздестіру қызметіне лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу және (немесе) алу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің ( қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен бірге олар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 136 бұйрығымен бекітілген бірыңғай біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне (бұдан әрі - біліктілік талаптары) сәйкестігін қарайды - 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және "жеке кабинетке" жолдайды.

3) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарау нәтижелері бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген жағдайларда іздестіру қызметіне лицензияны қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарайды лицензияны және ( немесе) лицензияға қосымшаны ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

8. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген;

3) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген ( лицензияда мекенжай көрсетілген жағдайда) жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 4) және 6) тармақшаларының күші дара кәсіпкер-лицензиаттың заңды мекенжайының, заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жері мекенжайының, "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе объектілер көрсетіле отырып, лицензияға қосымшалар үшін объектісінің орналасқан жері мекенжайының өзгеруі "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеруіне байланысты болған жағдайларға қолданылмайды. Лицензиаттар мен лицензия объектісі мекенжайларының бұлай өзгеруі мемлекеттік ақпараттық жүйелерді интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Неғұрлым жоғары санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия алған кезде төмен санаттағы құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензиялары жарамсыз деп есептеледі.

11. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

12. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шағымды шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға береді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әрекет жасаса, ол шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 24.03.2022 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Құрылыс-монтаждау
жұмыстарына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 15.09.2025 № 367 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| **"Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**<br>**Жер қабатындағы арнаулы жұмыстар;**<br>**Объектілерді күрделі жөндеуді және реконструкциялауды қоса алғанда, ғимараттар мен құрылыстардың жүк көтергіш және (немесе) қоршау конструкцияларын (оның ішінде көпірлерді, көліктік эстакадаларды, тоннельдер мен эстакадаларды, басқа да жасанды құрылыстарды) салу;**<br>**Сызықтық құрылымдарды төсеу үшін арнайы құрылыс-монтаж жұмыстары, оның ішінде күрделі жөндеу және қайта құру;**<br>**Инженерлік желілер мен жүйелерді орнату, оның ішінде күрделі жөндеу және қайта құру;**<br>**Автомобиль және темір жолдарды салу, оның ішінде күрделі жөндеу және қайта құру;**<br>**Технологиялық жабдықты монтаждау, іске қосу жұмыстары;**<br>**Лицензия-лицензиат заңды тұлғаны бөлу және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде және лицензияны санат бере отырып қайта ресімдеу кезінде лицензияны қайта ресімдеу;**<br>**Жеке кәсіпкер-лицензиатты қайта тіркеу, оның атауын немесе заңды мекенжайын өзгерту кезінде лицензияны қайта ресімдеу, заңды тұлға-лицензиаттың атауын және (немесе) орналасқан жерін өзгерту кезінде лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қайта ресімдеу жеке лицензиаттың тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) өзгерту;** | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz.<br>Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы ақпараттандыру нысаны " e-Qurylys.kz" ақпараттық ( www.equrylys.kz) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару және бөлу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде және санат бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу - 5 жұмыс күні;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеу кезінде - 3 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны беру және қайта ресімдеу, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 1) лицензия беру үшін - 10 айлық есептік көрсеткішті;<br>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін - лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.<br>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.<br>Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия алуға, қайта ресімдеуге, электрондық |

| | | |
|---|---|---|
| | | сұрау берілген жағдайда, төлем " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушілер – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.<br>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | 1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алған кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны, штатында лицензияланатын қызмет түрінің өтініш жасалған кіші түрінің құрамына кіретін инженер-техник жұмыскердің болуын және ең аз материалдық-техникалық жарақтандырылуының болуын растайтын құжаттармен қоса беріледі;<br>лицензиаттың немесе шетелдік тұлғалар өтініш берген жағдайда, I немесе II санаттағы лицензия алу |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі | қажет болғанда,- біліктілік талаптарына сәйкес іске асырылған объектілер туралы растайтын құжат, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі;<br>филиал арқылы шетелдік тұлға өтініш берген жағдайда, I немесе II санаттағы лицензия алу қажет болғанда, лицензияның немесе шет мемлекеттің шетелдік тұлғалар үшін құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті растамасы бар тиісті рұқсат беру құжатының көшірмесі, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі;<br>2) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе заңды мекенжайы, заңды тұлға-лицензиаттың атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген, заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастыру кезінде қайта ресімдеген кезде:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған, нысан бойынша өтініш;<br>3) санат берілуіне байланысты лицензияны қайта ресімдеген кезде порталға:<br>жеке тұлға үшін - осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш; |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>лицензияның және лицензияға қосымшаның электрондық көшірмесі (мемлекеттік ақпараттық жүйелерде лицензия туралы мәліметтер болмаған жағдайда);<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны, ол электронды көшірме түрінде электрондық сұрауға қоса беріледі;<br>4) заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру, заңды тұлға-лицензиатты бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде, лицензияны қайта ресімдеген кезде:<br>заңды тұлға үшін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес, мемлекеттік көрсетілетін қызмет алушының ЭЦҚ қойылған электрондық нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны;<br>заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген бөліп шығарған заңды тұлғаның лицензияны бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеуге келіскені туралы шешімінің электрондық көшірмесі;<br>Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттардың мәліметтері, лицензия туралы, лицензиялық алым туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге ақпараттық жүйелерден " |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық үкіметтің" шлюзы арқылы беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;<br>2) лицензиялық алым енгізілмеген ;<br>3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;<br>4) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;<br>5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған;<br>6) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықталған жағдайларда жүзеге асырылады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органның және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында www.gov.kz орналастырылған. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

"Құрылыс-монтаждау жұмыстарына лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

______________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

______________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

______________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын Жеке

тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

______________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________________

Телефондары ____________________________________________________

Факс __________________________________________________________

Банк шоты ______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;.

Жеке тұлға _________ ______________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Құрылыс-монтаждау
жұмыстарына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші**

________________________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

________________________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның)

толық атауы, орналасқан орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның

бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе

өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

______________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін )

______________________________________________________________________________

__________________________________ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға

қосымшаны беруіңізді сұраймын Заңды тұлғаның мекенжайы ______________________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше

атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________________

Телефондары ________________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________________

Банк шоты __________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

______________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ ____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Құрылыс-монтаждау
жұмыстарына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Инженер-техник жұмыскерлер туралы мәліметтер**

Инженер-техник жұмыскерлер туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан

лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ лицензияны

I санатқа қайта ресімдеген кезде толтырылады)

1) Жеке сәйкестендіру нөмірі________________________________________________

2) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)____________________________________

3) Лауазымы ________________________________

4) Инженер-техник жұмыкердің аттестатының болуы ___________________________

________________________________________________________________________________

(аттестаттың нөмірі мен берілген күнін көрсету)

Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа

қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде, сондай-ақ санат

бере отырып, лицензияны қайта ресімдеген кезде толтырылады)

5) Өндірістік базаның мекенжайы ___________________________________________

______________________________________________________________________________

6) Ауданы ________________________________________________________________

7) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі ________________________
___

________________________________________________________________________________
__

8) Жалға алу туралы шарттың нөмірі ___________________________________________
___

9) Жалға алу туралы шарттың нөмірі мыналармен жарақталған: (болған жағдайда, " X"

белгісін қою қажет) Өтініш берілген жұмыс түрлерін, лицензияланатын қызмет түрінің кіші

түрін орындау үшін қажетті әкімшілік-өндірістік ғимараттармен және үй-жайлармен ________

Еңбек шарттарына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс орындарымен _____

________________________________________________________________________________
________

Өзге талаптар (лицензия алған және лицензияны I және II қайта ресімдеген кезде толтырылады)

10) Жұмыс тәжірибесі __________________________________________________________
___

11) Іске қосылған объектілер ____________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

12) Пайдалануға беру актілерінің және орындалған жұмыстар актілерінің

деректемелері ________________________________________________________________
________

________________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

________________________________________________________________________________
__

_______________________________________________________________________________
__

_______________________________________________________________________________
__

Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер (сұрау салынған санатқа қарамастан лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алған кезде толтырылады)

13) Атауы ________________________________________________________________
__

_______________________________________________________________________________
________

14) Өлшем бірлігі __________________________________________________________
__

15) Пайдалану мерзімі ______________________________________________________
___

16) Сипаттамасы (маркасы, қуаты)___________________________________________
___

_______________________________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________________
________

17) Ескертпе ______________________________________________________________
___

_______________________________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________________
________

"Құрылыс-монтаждау
жұмыстарына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші**

__________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі )

__________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_____________________________________________________ жүзеге асыруға

20___ жылғы " "___________ № _____________, _______________ берілген,

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны

(керектің асты сызылсын)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _________

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _________

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ________________________________
___

___________________________________________________________________________
__

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _________________________________________________________
__

Телефондары _______________________________________________________________
__

Факс ______________________________________________________________________
__

Банк шоты _________________________________________________________________
__

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

___________________________________________________________________________
__

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға ____________ ____________________________________________________
___

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Құрылыс-монтаждау
жұмыстарына лицензия беру"
мемлекеттік қызмет көрсету
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

**Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші**

____________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның)
толық атауы, орналасқан орны, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның
бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе
өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________ жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20___ жылғы " " _____________ № ____________, _____________ берілген, (лицензияны және
(немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және
(немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және
(немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)
мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан
Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар

туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат

үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы

бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

________________________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін - елі, пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат нөмірі (стационарлық үй-жайлар))

Электрондық пошта ____________________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________________

Банк шоты __________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және

оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту

мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес және жарамды болып

табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ____________ _____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _______________

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2020 жылғы 1 сәуірдегі
№ 175 бұйрығына
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 114 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10058 болып тіркелген, 2015 жылы 2 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған ):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 11-1) -тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді

жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидалары осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақтың күшін жою көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 20.05.2026 № 250 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12535 болып тіркелген, 2015 жылы 31 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-21 )-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 733 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12702 болып тіркелген, 2016 жылы 15 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-24

)-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалары осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 735 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12752 болып тіркелген, 2016 жылы 15 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-20 )-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:";**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 27 қарашадағы
№ 114 бұйрығымен
бекітілген

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы сараптама жұмыстарын және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы мен "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес әзірленген және сараптама жұмыстары мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларға аттестаттау жүргізу және "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) орталық уәкілетті орган - сәулет, қала құрылысы және құрылысы қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

2) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы инжинирингтік көрсетілетін қызметтер - оңтайлы жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында құрылыстың дайындығын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешені ( техникалық және авторлық қадағалаулар);

3) сараптамалық жұмыстар - ғимараттар мен құрылыстардың жобаларына сараптама жасау және олардың сенімділігі мен тұрақтылығына техникалық тексеру жүргізу жұмыстары;

4) сарапшы - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түрлерін жүзеге асыратын жеке тұлға;

5) сарапшының аттестаты - сарапшының мәртебесін және оның қала құрылысы мен құрылыс қызметінде сараптамалық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтер көрсетуді орындау құқығын куәландыратын біліктілік аттестаты;

6) өтініш беруші - сарапшы мәртебесін алуға үміткер жеке тұлға;

7) жергілікті атқарушы орган - құжаттардың талаптарға сәйкестігін қарайтын, тестілеуге жіберілген сарапшылардың тізімін және тестілеу өткізудің кестесін бекітетін , сондай-ақ сарапшылардың аттестаттаудан өткендігі туралы шешім қабылдайтын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі.

3. Аттестаттау сарапшылардың кәсіби дайындық деңгейі мен құзыреттілігін, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс және қоршаған ортаны қорғау саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен гигиеналық нормативтер саласындағы мемлекеттік нормативтерді білуін анықтау, олар жүзеге асыратын жұмыстардың сапасын жақсарту, құрылыс саласында болып жатқан өзгерістерді ескеріп, жаңа талаптарды зерттеу мақсатында жүргізіледі.

4. Аттестаттау сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтердің мынадай түрлерін:

1) қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасын;

2) техникалық қадағалауды;

3) авторлық қадағалауды;

4) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыратын сарапшылар үшін өткізіледі.

5. Қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы бойынша сарапшылар мынадай мамандықтар бойынша бөлінеді:

1) қала құрылысы;

2) жобалау алдындағы құжаттама;

3) сәулет;

4) конструкциялық бөлігі;

5) инженерлік желілер және жүйелер (инженерлік желілер және жүйелердің түрлері бойынша);

6) технологиялық бөлігі (объектінің мақсатына байланысты);

7) сметалық бөлім;

8) өрт қауіпсіздігі;

9) экологиялық бөлімі;

10) санитариялық-эпидемиологиялық бейіні.

6. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын сарапшылар мынадай мамандықтар бойынша бөлінеді:

1) жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде;

2) жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - инженерлік желілер бөлігінде;

3) жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - технологиялық жабдықтар бөлігінде;

4) жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде;

5) жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - инженерлік желілер бөлігінде;

6) жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - технологиялық жабдықтар бөлігінде.

7. Авторлық қадағалауды жүзеге асыратын сарапшылар мынадай мамандықтар бойынша бөлінеді:

1) жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - сәулет бөлігінде;

2) жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде;

3) жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - сәулет бөлігінде;

4) жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде.

8. Техникалық және авторлық қадағалауды жүзеге асыру бойынша сарапшылар мынадай жауапкершілік деңгейлеріне бөлінеді:

жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша - қолда бар аттестат шеңберінде жауапкершілігі барлық деңгейдегі объектілерде, осы тармақта көрсетілген қызметті жүзеге асырады;

жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша - қолда бар аттестат шеңберінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілерде, осы тармақта көрсетілген қызметтерді жүзеге асырады.

9. Аттестаттауға:

1) қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы бойынша сарапшы ретінде аттестаттау үшін - қала құрылысы, жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдері бойынша жоғары кәсіптік білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімдерін әзірлеу және (немесе) сараптау бойынша бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

2) тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

3) инженерлік желілер бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес тәжірибесі бар адамдар;

4) технологиялық жабдықтар бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде бес жылдан кем емес тәжірибесі бар адамдар;

5) тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

6) инженерлік желілер бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және құрылыс-монтаж жұмыстары өндірісінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

7) технологиялық жабдықтар бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша техникалық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және құрылыс-монтаж өндірісінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

8) сәулет бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

9) тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және сарапшы ретінде үш жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

10) сәулет бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және жобалау қызметінде кемінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

11) тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша авторлық қадағалаудың сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және жобалау қызметінде бес жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

12) ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру сарапшысы ретінде аттестаттау үшін - құрылыс саласында жоғары кәсіптік білімі және есеп пен конструкциялау мамандығы бойынша жобалау қызметінің үш жылдан кем емес немесе осы бағытта бес жылдан кем емес сарапшы жұмыс тәжірибесі бар адамдар;

13) экология бөлігі бойынша қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы бойынша сарапшы ретінде аттестаттау үшін - тиісті бөлім бойынша жоғары кәсіптік білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың экологиялық бөлімін әзірлеу және ( немесе) сараптау бойынша бес жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе жоғары кәсіптік білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық

құжаттаманың экологиялық бөлімін әзірлеу және (немесе) сараптау бойынша он жылдан кем емес жұмыс өтілі бар адамдар;

14) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы бойынша сарапшы ретінде аттестаттау үшін - санитариялық-эпидемиологиялық бейіні бойынша жоғарғы медициналық білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың бөліміне сәйкес сараптама бойынша жұмыс тәжірибесі бес жылдан кем емес бар адамдар;

15) өрт қауіпсіздігі жөніндегі қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың сараптамасы жөніндегі сарапшы ретінде аттестаттау үшін - өрт-техникалық бейіндегі жоғары кәсіптік білімі және қала құрылысы, жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттаманың тиісті бөлімін әзірлеу және (немесе) сараптау жөніндегі кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе өрт-техникалық бейіндегі жоғары кәсіптік білімі және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау саласындағы кемінде жеті жыл жұмыс өтілі бар адамдар.

**2-тарау. Аттестаттау тәртібі**

10. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

11. Жеке тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы құжаттармен өтінішті жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) нысанында баяндалған.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағымен анықталған.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

13. Сарапшы аттестатын алған кезде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен бірге осы Қағидалардың 9 - тармағында көрсетілген талаптарға (бұдан әрі - талаптар) сәйкестігін қарайды-5 (бес) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және "жеке кабинетке" жолдайды.

Қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің бұйрығымен көрсетілетін қызметті алушыға қатысты ресімделген мынадай шешімдер бекітіледі:

1) тестілеуге жіберілген;

2) тестілеуге жіберілмеген.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды тапсырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тестілеуге жіберу немесе тестілеуге жібермеу себептері туралы хабарлама жібереді.

3) Тестілеу 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өткізіледі. Көрсетілетін қызметті беруші тестілеу өткізілген күні өтініш берушілерді тестілеу нәтижелерімен электронды түрде таныстырады.

4) көрсетілетін қызметті беруші сарапшы аттестатын немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес дәлелді бас тартуды ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

14. Тестілеу келесі талаптар мен рәсімдерді көздейді:

1) өтініш берушінің таңдауы бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде автоматтандырылған компьютерлік тәсілмен тестілеуді өткізу;

2) өтініш берушілерді тестілеуге жіберу жеке басын куәландыратын құжатты ұсыну бойынша жүзеге асырылады;

3) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлері тестіленушілерді тестілеуді өткізу рәсімдерімен таныстырады;

4) тестілеу кезінде сарапшылар сөйлесе және тестілеу өткізілетін үй-жайдан шыға алмайды. Жеке электрондық құрылғыларды (соның ішінде компьютерлерді, ұялы телефондарды тестілеу кезінде пайдалануға тыйым салынады);

5) қызмет берушінің қызметкерлері осы тестілеуді өткізу рәсімін бұзған өтініш берушілерді тестілеуден шығарады;

6) компьютерлік тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу автоматты түрде компьютерлік бағдарламамен жүргізіледі.

Тестілеуге жіберілген уақыт 100 минутты құрайды. Тест 100 сұрақтан тұрады. Тест сұрақтарын уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

Тестілеуден өту үшін шекті деңгей:

1) Осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген сарапшылар үшін; 2), 3), 4), 8), 9) осы Қағиданың 9 - тармағы-90 және одан да көп дұрыс жауап;

2) қалған барлық сарапшылар үшін - 70 және одан да көп дұрыс жауап.

Аттестацияны қайта тапсыру саны шектелмеген.

15. Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда сарапшы аттестатын қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдарының сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарайды, ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

16. Сарапшының аттестаты мынадай жағдайларда қайта ресімдеуге жатады::

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген;;

2) қағаз аттестатын қолданылу мерзімі көрсетілмей электрондық аттестатқа ауыстыру;

3) электрондық аттестатты мерзімі жоқ электрондық аттестатқа ауыстыру.

17. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

18. Аттестатталған сарапшылар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

19. Сарапшының аттестаты "электрондық үкімет" веб-порталында жарияланады: www.egov.kz осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің бұйрығына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде.

20. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтерді (авторлық және техникалық сауығу) жүзеге асыру құқығына аттестатты неғұрлым жоғары жауапкершілік деңгейінің бір бөлімі бойынша алған кезде жауапкершілік деңгейінің төмен бөлігіндегі сол аттестаты жарамсыз деп есептеледі.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) басшысының атына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

22. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаралуға жатады:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

23. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым

қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Сәулет, қала құрылысы және
құрылыс қызметі саласындағы
сараптама жұмыстарын және
инжинирингтік көрсетілетін
қызметтерді жүзеге асыратын
сарапшыларды аттестаттау
қағидаларына
1-қосымша

| | | |
|---|---|---|
| "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі салаларында сарапшылық жұмыстарды және инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларды аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын) | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) аттестатты беру - 15 жұмыс күні<br>2)жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген кезде, қағаз аттестатын электрондық аттестатқа қолдану мерзімі көрсетілмей ауыстырған кезде - 3 жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшыларға аттестат беру немесе қайта рәсімдеу, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан | |

| | | |
|---|---|---|
| | Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30 -ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| | | 1) алынған кезде:<br>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>жеке басын куәландыратын құжат - өтініш берушінің жеке басын сәйкестендіру үшін;<br>жоғары кәсіптік білімі туралы дипломның электрондық көшірмесі (ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы болған жағдайда, растайтын құжаттың электрондық көшірмесі);<br>еңбек кітапшасының электрондық көшірмесі.<br>Еңбек кітапшасы негізді себептер бойынша болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы еңбек қызметін растайтын келесі құжаттардың бірін ұсынады:<br>жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек шартының электрондық көшірмесі; |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі осы Қағидаларға | еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзіндінің электрондық көшірмесі;<br>қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтері бар мұрағаттық анықтаманың электрондық көшірмесі.<br>2) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгеруіне байланысты қайта ресімдеу кезінде:<br>осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>3) қағаз аттестатын қолданылу мерзімі көрсетілмей электрондық аттестатқа қайта ресімдеу кезінде:<br>осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;<br>аттестаттың электрондық көшірмесі. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | 1) өтініш беруші ұсынылған құжаттардың талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша тестілеуге жіберілмеген;<br>2) өтініш беруші тестілеуден өту кезінде шекті деңгейде төмен баға алған жағдайларда |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің: |

| | | |
|---|---|---|
| | | www.kds.miid.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Сәулет, қала құрылысы және
құрылыс қызметі саласындағы
сараптама жұмыстарын және
инжинирингтік көрсетілетін
қызметтерді жүзеге асыратын
сарапшыларды аттестаттау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

_______________________________________________

(жергілікті уәкілетті органның толық атауы)

_______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

**ӨТІНІШ**

___________________________________________________________________________________

________________________________________________ жүзеге асыру жөніндегі сарапшы ретінде

(Қағидалардың 4-тармағының тармақшасын көрсету)

_________________________________________________________________________ мамандығы

(Қағидалардың 5, 6, 7-тармақтарының тармақшасын көрсету) бойынша аттестаттауды сұраймын.

Жеке тұлға туралы мәліметтер:

1. Туған жылы:

___________________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________________

2. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері:

___________________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________________

(сериясы, нөмірі, кім және қашан берген)

3. Білімі: ________________________________________________________
________

________________________________________________________________
________

(оқу орнының атауы, бітірген жылы, диплом нөмірі)

4. Мекенжайы, телефоны:

________________________________________________________________
________

________________________________________________________________
________

5. Жұмыс орны:

________________________________________________________________
________

________________________________________________________________
________

(ұйымның атауы, мекенжайы)

6. Тестілеу тілі:____________________________________________________
_________

7. Қоса берілген құжаттар:

________________________________________________________________
________

_________________ _______________________________________________
________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Сәулет, қала құрылысы және
құрылыс қызметі саласындағы
сараптама жұмыстарын және
инжинирингтік көрсетілетін
қызметтерді жүзеге асыратын
сарапшыларды аттестаттау
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

| | | |
|---|---|---|
| [Жергілікті уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі атауы] | | [Жергілікті уәкілетті органның орыс тілдегі атауы] |
| [Жергілікті уәкілетті органның мемлекеттік тілдегі деректемелері ] | | [Жергілікті уәкілетті органның орыс тілдегі деректемелері] |

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында сараптамалық жұмыстар мен инжинирингтік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыратын сарапшының

АТТЕСТАТЫ

№ [Нөмірі]

Осы құжатпен

[ТЕГІ] [АТЫ] [ӘКЕСІНІҢ АТЫ]

түр бойынша: [Сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік көрсетілетін қызметтер түрі]

мамандану бойынша: [Мамандану]

осы қызметті жүзеге асыру құқығымен сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік көрсетілетін қызметтер бойынша сарапшы мәртебесі берілгені куәландырылады.

Жергілікті уәкілетті орган басшысының бұйрығы

[бұйрықтың күні] № [бұйрықтың нөмірі]

[берілген күні]

[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты]

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Сәулет, қала құрылысы және
құрылыс қызметі саласындағы
сараптама жұмыстарын және
инжинирингтік көрсетілетін
қызметтерді жүзеге асыратын
сарапшыларды аттестаттау
қағидаларына
4-қосымша

**Сарапшы аттестаттын қайта рәсімдеуге арналған ӨТІНІШ**

____________________________________________

(жергілікті уәкілетті органның толық атауы)

___________________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның толық тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

___________________________________________________________________________________

______________________________ жүзеге асыру жөніндегі сарапшы ретінде ( Қағидалардың

4-тармағының тармақшасын көрсету)

______________________________________________________________________ мамандығы

(Қағидалардың 5, 6, 7-тармақтарының тармақшасын көрсету)

бойынша мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті ұяшыққа X қою қажет):

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген;

2) қағаз аттестатын қолданылу мерзімі көрсетілмей электрондық аттестатқа ауыстыру;

3) электрондық аттестатты мерзімі жоқ электрондық аттестатқа ауыстыру үшін қайта

ресімдеуіңізді сұраймын.

1. Мекенжайы, телефоны:

________________________________________________________________________________

2. Жұмыс орны:

________________________________________________________________________________

________________________________________________________________________________

(ұйымның атауы, мекенжайы)

3. Қоса берілген құжаттар:

________________________________________________________________________________

___________________ ____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрлігінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 709 бұйрығымен
бекітілген

**Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру жөніндегі техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді және сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары ( бұдан әрі - Қағидалар мен рұқсат беру талаптары) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-21)-тармақшасына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар мен рұқсат беру талаптары техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді және бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу рәсімін регламенттейді және "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау мен техникалық тексеруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда және рұқсат беру талаптарында мынадай ұғымдар қолданылады :

1) аккредиттелген ұйым - уәкілетті органда белгіленген тәртіппен аккредиттеу рәсімінен өткен заңды тұлға;;

2) аккредиттеу - бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді немесе сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымдардың өкілеттіктерін уәкілетті органның ресми тану рәсімі;

3) аккредиттеу субъектілерінің тізілімі - аккредиттеу субъектілерін есепке алудың бірыңғай тізімі;

4) аккредиттеу туралы куәлік - уәкілетті орган беретін, аккредиттеу субъектілерінің бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде

ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді немесе сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыру құзыреттілігін куәландыратын құжат;

5) өтініш беруші - бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді немесе сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйым ретінде аккредиттеу туралы куәлік алуға үміткер заңды тұлға;;

6) уәкілетті орган - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның ведомствосы.

4. "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілер бойынша техникалық қадағалау мен техникалық тексеруді жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидалар мен рұқсат беру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті ( бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы құжаттармен өтінішті жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) нысанында баяндалған.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін іс-әрекеттер, орындалу ұзақтығы:

1) осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 6-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен өтінішті және рұқсат беру талаптарын автоматты тіркеу;

2) куәлікті электрондық нысанда беру, қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз ақпараттық жүйемен (компьютермен) жүзеге асырылады - 20-40 (жиырма - қырық) минут ішінде.

8. Аккредиттеу туралы куәлік заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген жағдайларда қайта ресімделеді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда аккредиттелген ұйым аккредиттеу рәсімінен өтеді.

11. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

12. Қолданыстағы аккредиттеу туралы куәлік болмаса, ұйымның қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

## 2-тарау. Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеуге рұқсат беру талаптары және оны өткізу тәртібі

13. Аккредиттеуден өту және растау үшін өтініш берушілер мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкес келеді:

1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:

өз құрамында тұрақты негізде бірінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілерде, оның ішінде мамандандырулар бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болу:

жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша-тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

бірінші деңгейдегі жауапкершілік объектілері бойынша-инженерлік желілер бөлігінде (бір сарапшыдан кем емес));

жауапкершілігі бірінші деңгейдегі объектілер бойынша-технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары болуы;

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік құжаттамасының болуы;

2) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі Екінші деңгейдегі объектілерде техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін:

өз құрамында тұрақты негізде жауапкершіліктің екінші және үшінші деңгейлеріндегі объектілерде, оның ішінде мамандандырулар бойынша техникалық қадағалауды жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болуы:

екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша-тіреу және қоршау конструкциялары бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

екінші және үшінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша-инженерлік желілер бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

жауапкершілігі екінші және үшінші деңгейдегі объектілер бойынша-технологиялық жабдықтар бөлігінде (кемінде бір сарапшы));

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары болуы;

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік құжаттамасының болуы.

14. Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттеу немесе растау күнінен бастап екі жылда бір рет расталады.

15. Көрсетілетін қызметті алушыны аккредиттеуді уәкілетті орган жүргізеді және осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 4-қосымшаға сәйкес электрондық түрде аккредиттеу туралы куәлікпен расталады.

16. Аккредиттелген ұйымдар осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық және технологиялық жағынан күрделі жауапкершілік бірінші және екінші деңгейдегі объектілерде техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізіліміне енгізіледі, онда заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат жиынтығы, аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні мен нөмірі, жауапкершілік деңгейі, штатта мамандардың болуы туралы, сондай-ақ осы заңды тұлғаға қатысты қабылданған жауапкершілік шаралары туралы, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген.

**3-тарау. Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеуге рұқсат беру талаптары және оны өткізу тәртібі**

17. Аккредиттеуден өту үшін өтініш берушілер мынадай рұқсат беру талаптарына сәйкес келеді:

өз құрамында тұрақты негізде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеруді жүзеге асыратын кемінде үш аттестатталған сарапшы болу;

өз құрамында тұрақты негізде мамандандыру бойынша жобалардың сараптамасын жүзеге асыратын кемінде бір аттестатталған сарапшының конструктивтік бөлігі болуы;

өз құрамында тұрақты негізде кемінде бір инженер-геодезист (кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар);

меншік құқығында немесе тартылған (шарт негізінде) аккредиттелген зертхананың болуы;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № ҚР ДСМ-29 бұйрығымен бекітілген "Әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17769 болып тіркелген) талаптарын қанағаттандыратын меншік немесе жалға алу құқығындағы бір жылдан астам мерзімге (құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркеумен) әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлары болуы;

материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті өлшеу және бақылау құралдары, сондай-ақ есептерді орындау, графикалық және өзге де материалдарды жасау және ресімдеу үшін қажетті лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандырылған компьютерлер болуы;

жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттің болуы.

18. Бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымды аккредиттеу туралы куәлік "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аккредиттеу немесе растау күнінен бастап екі жылда бір рет расталады.

19. Көрсетілетін қызметті алушыны аккредиттеуді уәкілетті орган жүргізеді және осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 8-қосымшаға сәйкес электрондық түрде аккредиттеу туралы куәлікпен расталады.

20. Аккредиттелген ұйымдар осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат жиынтығын, аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні мен нөмірін, штатында мамандардың бар-жоғын, сондай-ақ осы заңды тұлғаға қатысты қабылданған жауапкершілік шаралары туралы мәліметтерді қамтитын рұқсат беру талаптарын техникалық және технологиялық жағынан күрделі жауапкершілік бірінші және екінші деңгейдегі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын , Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген.

21. Осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 16 және 20-тармақтарында көзделген аккредиттелген ұйымдардың және рұқсат беру талаптарының тізіліміне осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 11-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұл ретте енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 13 және 17-тармақтарында көзделген рұқсат беру талаптарын және рұқсат беру талаптарын бұзуға әкеп соқпайды.

22. Аккредиттелген ұйым аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде де, оның жарамдылық уақытының бүкіл кезеңі ішінде де қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес келуі тиіс.

**4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

23. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

24. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаралуға жатады:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

25. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
1-қосымша

| "Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде куәлікті беру - қайта ресімдеу-20-40 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| | | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 4 және 8- |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | қосымшаларға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30 -ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| | | 1) Техникалық және технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру бойынша аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға::<br>осы Қағидаларға 2-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 3-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес техникалық және |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі осы Қағидаларға | технологиялық жағынан күрделі бірінші және екінші жауапкершілік деңгейлеріндегі объектілерде техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын ұйымның аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны;<br>2) бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру жөніндегі сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыру бойынша аккредиттеу туралы куәлікті алған кезде порталға::<br>осы Қағидаларға 6-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 7-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес күрделілігі бірінші және екінші деңгейдегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын ұйымның аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны;<br>инженер-геодезист дипломының электрондық көшірмесі;<br>3) аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде порталға:<br>осы Қағидаларға 10-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлғаны бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бөлініп шыққан заңды тұлғаның куәлігін қайта ресімдеуге келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген шешімнің электрондық көшірмесі. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | Жоқ |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің: www.kds.miid.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
2-қосымша

Нысан

## ӨТІНІШ

__________________________________________________________________________________________

(уәкілетті органның толық атауы)

__________________________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________ жауапкершілік деңгейіндегі

(тиісті жауапкершілік деңгейі)

техникалық және технологиялық күрделі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі

инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым ретінде аккредиттеуді сұраймын.

Мекенжайы_______________________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі, телефон, факс,

e-mail) Филиалдар (өкілеттіктер, объектілер, пункттер, учаскелер) ________________________

________________________________________________________________________

(орналасқан орны және деректемелері)

Банк шоты ________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан орны)

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыс болып табылатыны және оларға куәлік

беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;

өтініш берушіге қызметтің осы түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде

қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді

пайдалануға келісімін бергендігі расталады.

Басшы ____________________________________________________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні: 20 жылғы " "___________

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын

ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
3-қосымша
Нысан

**Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдардың аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны**

1) Техникалық қадағалау сарапшысының тиісті аттестаты бар қызметкерлері туралы мәліметтер

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі | Сарапшы аттестатының №, берілген күні, кім берді | Аттестат бойынша мамандануы | Диплом бойынша мамандығы | Техникалық қадағалауды жүзеге асыру бойынша мәлімет | | | Техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік айыппұлдың болуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Объектінің атауы (сараптама қорытындысына сәйкес) | Тапсырыс беруші | Техникалық қадағалауды жүзеге асыру басталған/аяқталған күні | |
| | | | | | | | | |

Ескертпе: Аттестатталған сарапшылар бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілері техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын бір ғана ұйымның құрамына кіреді

2) Меншік немесе бір жылдан астам мерзімге жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы туралы мәліметтер

| Р/с № | Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайдың функционалдық құрам бөлігі | Алаңы | Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды негіздеме | Мекенжайы және кадастрлық нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

3) Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті материалдық-техникалық жарақтандырылуы, оның ішінде өлшеу және бақылау құралдары туралы мәліметтер

| Р/с № | Өлшеу және бақылау құралдарының маркасы мен атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Пайдалану мерзімі | Тексеру мерзімдері | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

4) Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттердің болуы туралы мәліметтер

| Р/с № | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

5) Меншік құқығындағы немесе тартылған аккредиттелген зертхананың болуы туралы мәліметтер

| Р/с № | Зертхананың атауы | Зертхананы аккредиттеу туралы аттестаттың № және берілген күні | Аккредиттеу саласын сипаттау | Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды негіздеме | Зертхана орналасқан жер | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Осы нысанда көрсетілген деректер мәліметтерінің барлық өзгерістері туралы уәкілетті органға уақытылы хабарлауға міндеттеме аламын.

Анық емес ақпарат ұсынғаным үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінесәйкес жауаптылықта болатыныма хабардармын .

Басшы ________________________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
4-қосымша
Нысан

**АККРЕДИТАЦИЯ ТУРАЛЫ КУӘЛІК № 00000**

Аккредитация туралы осы куәлік ____________________________________________

_____________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

_____________________________________________________________________________ берілді,

(заңды мекенжайы)

__________________________________________________________ жауапкершілік деңгейіндегі

(тиісті жауапкершілік деңгейі)

техникалық және технологиялық күрделі объектілерді техникалық қадағалау жөніндегі

инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыру құқығына

АККРЕДИТТЕЛДІ

және уәкілетті органның тізіліміне енгізілді

Куәлікті қолдану мерзімі _________________________________ дейін

Уәкілетті орган ___________________________________

__________ қаласы 20__жылғы " " __________

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
5-қосымша
Нысан

## Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілерде техникалық қадағалау жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізімі

| Р/с № | Ұйымның атауы | Аккредиттелген куәліктің берілген күні мен нөмірі, жауапкершілік деңгейі | Аккредиттелген ұйымның штатында тұратын қызметкерлер туралы мәлімет | Қабылданған жауапкершілік шаралары туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу

жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
6-қосымша
Нысан

ӨТІНІШ

________________________________________________________________________

(уәкілетті органның толық атауы)

________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі деректемелері)

бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйым ретінде аккредиттеуді сұраймын.

Мекенжайы______________________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі, телефон, факс, e-mail) Филиалдар (өкілдіктері, объектілері, пунктілері, учаскелері) __________

________________________________________________________________________

(орналасқан орны және деректемелері)

Банк шоты ______________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан орны)

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;

өтініш берушіге қызметтің осы түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді

пайдалануға келісімін бергендігі расталады.

Басшы _______________________________________________________________
__

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні: 20 жылғы " "___________

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
7-қосымша
Нысан

**Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын ұйымдардың аккредиттеуден өтуі үшін мәліметтер нысаны**

1) Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарың жүзеге асыру бойынша, қала құрылысы , конструктивтік бөлім бойынша маманданған жобалау алдындағы және жобалау-сметалық құжаттама сараптамасы бойынша тиісті аттестаты бар және инженер-геодезист дипломы бар қызметкерлер туралы мәлімет

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Жеке сәйкестендіру нөмірі | Сарапшы аттестатының №, берілген күні, кім берді | Аттестат бойынша мамандануы | Диплом бойынша мамандығы | Техникалық зерттеп-карауды жүзеге асыру бойынша мәлімет | | Техникалық зерттеп-карауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік айыппұлдың болуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Объектінің атауы | Тапсырыс беруші | |
| | | | | | | | |

Ескертпе: Аттестатталған сарапшылар бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын бір ғана ұйымның құрамына кіреді;

2) Меншік немесе бір жылдан астам мерзімге жалға алу құқығында әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы туралы мәлімет

| Р/с № | Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайдың функционалдық құрам бөлігі | Алаңы | Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды негіздеме | Мекенжайы және кадастрлық нөмірі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

3) Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті материалдық-техникалық жарақтандырудың, оның ішінде өлшеу және бақылау құралдарының, сондай-ақ есеп айырысуларды орындауға, графикалық және өзге де материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті лицензиялық бағдарламалық жасақтамасы бар дербес компьютерлердің болуы туралы мәлімет

| Р/с № | Өлшеу және бақылау құралдарының, компьютерлердің, лицензиялық бағдарламалардың маркасы мен атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Пайдалану мерзімі | Тексеру мерзімдері | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

4) Жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттердің болуы туралы мәлімет

| Р/с № | Атауы | Өлшем бірлігі | Саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

5) Меншік құқығында немесе тартылған аккредиттелген зертхананың болуы туралы мәлімет

| Р/с № | Зертхананың атауы | Зертхананы аккредиттеу туралы аттестаттың № және берілген күні | Аккредит-теу саласын сипаттау | Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңды негіздеме | Зертхана орналасқан жер | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |

Осы нысанда көрсетілген деректер мәліметтерінің барлық өзгерістері туралы уәкілетті органға уақытылы хабарлауға міндеттеме аламын.

Анық емес ақпарат ұсынғаным үшін "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес жауаптылықта болатыныма хабардармын.

Басшы ________________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың

сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
8-қосымша
Нысан

**АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК № 00000**

Осы аккредиттеу туралы куәлік ___________________________________________

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

______________________________________________________________________ берілді,

(заңды мекенжайы)

бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыру құқығына АККРЕДИТТЕЛДІ

және уәкілетті органның тізіліміне енгізілді.

Куәлікті қолдану мерзімі ____________________________________ дейін

Уәкілетті органн _____________________________________

___________ қаласы 20__жылғы " " ___________

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу

жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
9-қосымша
Нысан

## Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптама жұмыстарын жүзеге асыратын аккредиттелген ұйымдардың тізімі

| Р/с № | Ұйымның атауы | Аккредиттелген куәліктің берілген күні мен нөмірі | Аккредиттелген ұйымның штатында тұратын қызметкерлер туралы мәлімет | Қабылданған жауапкершілік шаралары туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Бірінші және екінші
жауапкершілік деңгейіндегі
техникалық және технологиялық
күрделі объектілердегі
ғимараттар мен құрылыстардың
сенімділігін және
орнықтылығын техникалық
зерттеп-қарау бойынша
техникалық қадағалау және
сараптама жұмыстары жөніндегі
инжинирингтік қызметтер
көрсетуді жүзеге асыратын
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру талаптарына
10-қосымша
Нысаны

## Өтініш куәлікті қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның

______________________________________________________________________________

(уәкілетті органның толық атауы))

______________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғада бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда

- шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі )

№__________ бастап "___" _________ 20___

__________________________________________________________________________

________

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің толық атауы) жүзеге асыруға берілген куәлікті

келесі негіздеме бойынша (тиісті ұяшықта Х көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) заңды тұлға атауының өзгеруі ___________

2) заңды тұлғаның орналасқан жерін өзгерту ________

Заңды тұлғаның мекен-

жайы____________________________________________ (шетелдік заңды тұлға үшін - ел,

пошталық индексі, ОБЛЫСЫ, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________________

Телефондар _________________________________________________________________

Факс _______________________________________________________________________

Банктік шот _________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріледі _ парақ.

Осымен расталады, бұл:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға

аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін;

өтініш берушіге қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келіседі.

Басшы __________ ____________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: "__" __________ 20__ жыл

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика

министрлігінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 26 қарашадағы
№ 733 бұйрығымен
бекітілген

## Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-24)-тармақшасына және және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу рәсімін регламенттейді және "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аккредиттеу - уәкілетті органның сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымның құзыретін ресми тану рәсімі;

2) аккредиттеу туралы куәлік - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдардың мәртебесін куәландыратын куәлік;

3) өтініш беруші - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйым ретінде аккредиттеуге үміткер заңды тұлға;

4) уәкілетті орган - облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары.

### 2-тарау. Қағидалар және біліктілік талаптары

4. "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті осы Қағидаларға сәйкес облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы ( бұдан әрі - портал) арқылы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық - цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы құжаттармен өтінішті жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) нысанында баяндалған.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін іс-әрекеттер, орындалу ұзақтығы:

1) осы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттармен өтінішті автоматты тіркеу;

2) куәлікті электрондық нысанда беру, қайта ресімдеу көрсетілетін қызметті берушінің қатысуынсыз ақпараттық жүйемен (компьютермен) жүзеге асырылады - 20-40 (жиырма - қырық) минут ішінде.

8. Аккредиттеу туралы куәлік заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген жағдайларда қайта ресімделеді.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Аккредиттеуден өткен сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Жобаларды басқару жөніндегі ұйымдар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Жобаларды басқару жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың тізіліміне енгізіледі, онда заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат жиынтығы, аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні

мен нөмірі, штатында мамандардың болуы туралы, сондай-ақ осы заңды тұлғаға қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік шаралары туралы мәліметтер

11. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

12. Қолданыстағы аккредиттеу туралы куәлік болмаса, ұйымның қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

13. Осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген аккредиттелген ұйымдардың тізіліміне осы Қағидаларға 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша аккредиттелген ұйымдардың өтініші негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Бұл ретте енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар осы Қағидаларға 3-қосымшасында көзделген рұқсат беру талаптарын бұзуға әкеп соқпайды.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның басшысының атына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

15. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаралуға жатады:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым

қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
1-қосымша

| "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде, заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде куәлікті беру - қайта ресімдеу-20-40 минут |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлікті беру не қайта ресімдеу. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі осы Қағидаларға | 1) куәлікті алған кезде порталға:<br>осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарға қойылатын рұқсат беру талаптарына сәйкес мәліметтер;<br>2) аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде порталға:<br>осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлғаны бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бөлініп шыққан заңды тұлғаның куәлігін қайта ресімдеуге келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген шешімнің электрондық көшірмесі. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | Жоқ |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің: www.kds.miid.gov.kz, көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**ӨТІНІШ**

__________________________________________________________ -ге

(уәкілетті органның толық атауы)

_____________________________________________________________-ден

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірінің деректемелері)

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйым ретінде аккредиттеуді өтінемін

Мекенжай__________________________________________________________________

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй нөмірі, телефон, факс, e-mail)

Филиалдар (өкілдік, объекті, пункті, учаске) __________________________________________

___________________________________________________________________________

(орналасқан жері және деректемелері)

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;

өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін бергендігі расталады.

Басшы _____________ ____________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтырылған күні: 20__ жылғы "__" __________

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
3-қосымша
Нысан

## Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобалармен басқару бойынша ұйымдарға қойылатын рұқсат етілетін талаптар

| № р | Рұқсат етілген талаптар | Рұқсат етілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар | Ескерту |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Келесі мамандықтар бойынша бірінші деңгейдегі жауапкершілікті объектілер бойынша техникалық тексерісті жүзеге асыру бойынша үштен кем емес аттестатталған сарапшылардың бар болуы:<br>Тіреу және қоршау конструкциялар бөлімінде (бір сарапшыдан кем емес);<br>Инженерлік желі бөлімінде (бір сарапшыдан кем емес);<br>Технологиялық жабдықтар бөлімінде (бір сарапшыдан кем емес) | Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 2 | "Жобаның басты инженері" және/немесе " Басты инженер" мамандығы бойынша аттестатталған инженер-техник жұмыскердің бірден кем емес болуы | Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 3 | Квалификацияланған инженер-сметшінің бірден кем емес болуы | Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| | Жеке мүліктік немесе басқа да заңдық негізде | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | құқығы бар әкімшілік-тұрмыстық ғимараттың бар болуы | Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 5 | Материалды-техникалық жабдықтардың бар болуы, жеке алғанда есептер жүргізуді, графикалық және басқа да материалдарды толықтыру және құрастыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етуі бар жұмыс станциясының бар болуы | Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Мәліметтер нысаны**

1) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) ____________________________________________

2) Лауазымы ____________________________________________________________________

3) Осы ұйымда жұмыс жасайды ___________________________________________________
(тұрақты немесе уақытша көрсету)

4) Жұмыс өтілі ____________________________________________________________________
(мамандық бойынша және атқаратын лауазымында көрсету)

5) Оқу орнының атауы _________________________________________________________

6) Бітірген жылы ______________________________________________________________

7) Диплом бойынша біліктілігі ____________________________________________________

8) Диплом бойынша мамандығы ___________________________________________________

9) Сарапшының аттестаты ________________________________________________
________

(берілген күні мен нөмірін көрсету)

Әкімшілік-тұрмыстық жайлар туралы мәліметтер

10) Мекенжайы: _________________________________________________________
_________

_______________________________________________________________________
________

11)Алаңы_______________________________________________________________
________

12) жеке мүлік немесе басқа заң негізінде құқығы барын растайтын құжат атауы және

деректемелер___________________________________________________________
________

Материалдық-техникалық жабдықтар туралы мәліметтер

13) Атауы:_____________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________
________

14) Өлшем бірлігі ______________________________________________________
________

15) Саны ______________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________
________

16) Пайдалану мерзімі__________________________________________________
________

17) Ескертпе___________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________
________

_______________________________________________________________________
________

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК N 00000**

Аккредиттеу туралы осы куәлік_____________________________________________
__

_____________________________________________________________________
________

(заңды тұлғаның атауы)

_____________________________________________________________________
_ берілді,

(заңды мекенжайы) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару құқығына

АККРЕДИТТЕЛДІ

және уәкілетті органның тізіліміне енгізілді.

Куәліктің қолданылу мерзімі _____________________________________________
___ дейін

Уәкілетті орган______________________________

__________ қаласы 20__ж. "____" ___________

Сәулет, қала құрылысы
және құрылыс саласындағы
жобаларды басқару жөніндегі
ұйымдарды аккредиттеу
жөніндегі қағидаларына
6-қосымша
Нысаны

**Өтініш куәлікті қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның**

_____________________________________________________________________
________

(уәкілетті органның толық атауы))

_____________________________________________________________________
________

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғада бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

№__________ бастап "___" _________ 20___

_____________________________________________________________________
________

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің толық атауы) жүзеге асыруға берілген куәлікті

келесі негіздеме бойынша (тиісті ұяшықта Х көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) заңды тұлға атауының өзгеруі ___________

2) заңды тұлғаның орналасқан жерін өзгерту _______

Заңды тұлғаның мекен-жайы_________________________________________________

__

(шетелдік заңды тұлға үшін - ел, пошталық индексі, ОБЛЫСЫ, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта _______________________________________________________

__

Телефондар ____________________________________________________________

__

Факс _________________________________________________________________

__

Банктік шот ____________________________________________________________

__

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріледі _ парақ.

Осымен расталады, бұл:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға

аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін;

өтініш берушіге қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес

деректерді пайдалануға келіседі.

Басшы __________ _______________________________________________________

__

(қолы)                    (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: "__" __________ 20__ жыл

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің

2015 жылғы 26 қарашадағы
№ 735 бұйрығымен
бекітілген

**Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу жөніндегі қағидалар мен рұқсат беру талаптары (бұдан әрі - Қағидалар мен рұқсат беру талаптары) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 20-бабының 23-24)-тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1)-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар мен рұқсат беру талаптары жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша аттестаттау орталықтарын аккредиттеу рәсімін регламенттейді және "Жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидалар мен рұқсат беру талаптарында мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аккредиттеу - аккредиттеу жөніндегі уәкілетті органның жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау бойынша аттестаттау орталықтарының құзыретін ресми мойындау рәсімі;

2) аккредиттеу туралы куәлік - осы Қағидалар мен рұқсат беру талаптарына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген аттестаттау орталығының мәртебесін куәландыратын белгіленген үлгідегі куәлік;

3) аттестаттау орталығы - белгіленген тәртіппен уәкілетті органда аккредиттеу рәсімінен өткен заңды тұлға;

4) инженер-техник жұмыскер - орташа кәсіби немесе жоғары білімі бар, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы өндірістік процесті ұйымдастыруды және оған басшылық жасауды жүзеге асыратын жеке тұлға;

5) өтініш беруші - аттестаттау орталығы ретінде аккредиттеуге үміткер мемлекеттік емес заңды тұлға;

6) уәкілетті орган - сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін мемлекеттік басқару саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органның ведомствосы.

4. "Жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

5. Заңды тұлғалар (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызметті алу үшін "электрондық үкіметтің" веб - порталы арқылы көрсетілетін қызметті берушіге электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш жолдайды www.egov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 1-қосымшаға және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) нысанындағы рұқсат беру талаптарына сәйкес баяндалған.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармағымен анықталған.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтері көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

7. Іс-қимыл құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) көрсетілетін қызметті берушінің куәлік алу кезінде:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 6-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттармен және рұқсат беру талаптары түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 4-қосымшасында көрсетілген рұқсат беру талаптарына сәйкестігін қарайды - 7 (үш) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 6-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тіркеген сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және "жеке кабинетке" жолдайды.

3) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарау нәтижелері бойынша аккредиттеу туралы куәлікті не мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес дәлелді бас тартуды ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды - 2 екі жұмыс күні ішінде.

8. Осы Қағидалардың және рұқсат беру талаптарының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда куәлікті қайта ресімдеу кезінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылдары:

1) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге олар түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

2) көрсетілетін қызметті беруші өтінішті құжаттармен қарайды аккредиттеу туралы куәлікті ресімдейді, қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне " жолдайды - 2 (екі) жұмыс күні ішінде.

9. Аккредиттеу туралы куәлік заңды тұлғаның атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген жағдайларда қайта ресімделеді.

10. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

11. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (қайтарып алу) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

12. Қолданыстағы аккредиттеу туралы куәлік болмаса, ұйымның қызметін жүзеге асыруына жол берілмейді.

13. Аккредиттеуден өткен аттестаттау орталықтары осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 6-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша

жобалау және құрылыс процесіне қатысатын инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарының тізіліміне енгізіледі,онда заңды тұлғаның деректемелері туралы ақпарат жиынтығы, аккредиттеу туралы куәліктің берілген күні мен нөмірі, штатында мамандардың болуы туралы, сондай-ақ осы заңды тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілік шаралары туралы мәліметтер қамтылады.

## 3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушінің, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) басшысының атына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

15. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қаралуға жатады:

көрсетілетін қызметті беруші, уәкілетті орган - тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган - ол тіркелген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің, уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде шағым берген өтініш берушіге ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Жобалау және құрылыс

салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
1-қосымша

| "Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарын аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты ( мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын) | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 1) куәлікті беру-10 (он) жұмыс күні;<br>2) заңды тұлғаның атауы және ( немесе) орналасқан жері өзгерген кезде куәлікті қайта ресімдеу - 3 ( үш) жұмыс күні. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Аккредиттеу туралы куәлік беру не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық түрде . |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін негізде көрсетіледі |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;<br>2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде, өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беруді келесі жұмыс күнінде жүзеге асырады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі осы Қағидаларға | 1) куәлікті беру кезінде порталға:<br>осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 3-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес белгіленген нысан бойынша өтініш;<br>осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 4-қосымшаға сәйкес рұқсат беру талаптарына және рұқсат беру талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар;<br>2) куәлікті қайта ресімдеу кезінде порталға:<br>осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 7-қосымшаға және рұқсат беру талаптарына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>заңды тұлғаны бөліп шығару нысанында қайта ұйымдастыру кезінде бөлініп шыққан заңды тұлғаның куәлігін қайта ресімдеуге келісімі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген шешімнің электрондық көшірмесі. |
| | | 1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және ( немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер | материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің рұқсат беру талаптарына сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған жағдайда;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің: www.kds.miid.gov.kz, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурстарында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414). |

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
2-қосымша
Нысан

# АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК № 00000

Осы аккредиттеу туралы куәлік

________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы)

_________________________________________________________берілді,

(заңды мекенжай)

жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау құқығын жүзеге асыруға берілді

АККРЕДИТТЕЛДІ

және көрсетілетін қызметті берушінің тізіліміне енгізілді және уәкілетті органның тізіліміне енгізілді. Куәлікті қолдану мерзімі ________________________________ ____ дейін

Уәкілетті органның басшысы_____________________________________

қала __________ 20__ж. " " __________

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
3-қосымша
Нысан

**ӨТІНІШ**

______________________________________________________ -ге

(уәкілетті органның толық атауы)

__________________________________________________________-ден

(заңды тұлғаның толық атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірінің деректемелері)

Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аттестаттау орталығы ретінде аккредиттеуді өтінемін

Мекенжай____________________________________________________________ __

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй нөмірі, телефон, факс, e-mail)

Банк шоты ___________________________________________________________ ________

(шоттың нөмірі, банктің атауы және орналасқан орны)

Филиалдар (өкілдік, объекті, пункті, учаске) ________________________________ _________

________________________________________________________________________________________________

(орналасқан жері және деректемелері)

Қоса берілетін құжаттар __________________________________________________________

________________________________________________________________________________________________

___ парақ қоса беріледі

Осымен:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға куәлік беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез-келген ақпарат жіберілетіні;

өтініш берушіге қызметтің аталған түрімен айналысуға сот тыйым салмағаны;

барлық қоса берілген құжаттардың шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатыны;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді

пайдалануға келісімін бергендігі расталады.

Басшы _____________ __________________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні: 20__ жылғы "__" __________

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
4-қосымша
Нысан

**Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженер-техник жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аттестаттау орталықтарын аккредиттеуге қойылатын рұқсат беру талаптары**

| Р/с<br>№ | Рұқсат беру талаптары | Рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | біліктілікті арттыруға жауапты оқытушылық құрамның болуы | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны, дипломдардың көшірмелері, жұмыс өтілінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері, өтініш берушімен еңбек қатынастарын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 2 | аттестаттау жүргізуге жауапты техникалық құрамның болуы | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны, өтініш берушімен еңбек қатынастарын растайтын құжаттардың көшірмелері | |
| 3 | оқыту және аттестаттау жүргізу үшін меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде, санитариялық талаптарды қанағаттандыратын, алаңы кемінде 100 (жүз) шаршы метр әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлардың болуы, бұл ретте тестілеу және оқыту өткізуге арналған үй-жайлар кемінде 45 ( қырық бес) шаршы метр болуы қажет.<br>Бұл ретте тестілеу және оқыту өткізуге арналған үй-жайлар біріктірілуі мүмкін | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны.<br>Әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлар болған кезде: жылжымайтын мүлік объектісін тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, техникалық паспорттың көшірмесі. Өзге де заңды негіздер кезінде: жалдау шартының көшірмесі, жалға берушінің жылжымайтын мүлік объектісін тіркеу туралы куәліктің көшірмесі, техникалық паспорттың көшірмесі | |
| 4 | оқыту және аттестаттау жүргізу үшін санитариялық талаптарды қанағаттандыратын материалдық-техникалық жарақтандырудың, оның ішінде кемінде 10 (он) орынның болуы | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 5 | инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау үшін | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бағдарламалық қамтамасыз етудің болуы | 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 6 | нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттердің болуы | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |
| 7 | оқыту және аттестаттау өткізу үшін бекітілген тест сұрақтарының, бекітілген ішкі қағидалар мен регламенттердің болуы | осы Қағидаларға және рұқсат беру талаптарына 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны | |

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
5-қосымша
Нысан

**Мәліметтер нысаны**

1) Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____________________________________

2) Лауазымы __________________________________________________________________

3) Осы ұйымда жұмыс жасайды _________________________________________________
(тұрақты немесе уақытша көрсету)

4) Жұмыс өтілі _____________________________________________________________
(мамандық бойынша және атқаратын лауазымында көрсету)

5) Оқу орнының атауы ______________________________________________________

6) Бітірген жылы ___________________________________________________________

7) Диплом бойынша біліктілігі ________________________________________________

8) Диплом бойынша мамандығы _______________________________________________

Әкімшілік-тұрмыстық жайлар туралы мәліметтер

9) Мекенжайы ____________________________________________________________
__
____________________________________________________________________
________
10) Үй-жайдың сипаттамасы, алаңы ____________________________________
__
11) Жылжымайтын мүлікті тіркеу туралы куәліктің нөмірі ________________
___
____________________________________________________________________
________
12) Жалға алу туралы шарттың нөмірі __________________________________
__
Материалдық-техникалық жарақтандырылуы туралы мәліметтер
13) Атауы _________________________________________________________
__
____________________________________________________________________
________
14) Өлшем бірлігі ___________________________________________________
__
15) Саны __________________________________________________________
__
____________________________________________________________________
________
16) Пайдалану мерзімі ________________________________________________
___
17) Сипаттамасы (маркасы, қуаты), сапалық құрамы ____________________
__
____________________________________________________________________
________
____________________________________________________________________
________
Бағдарламалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер
18) Атауы: ________________________________________________________
__
____________________________________________________________________
________
19) Өлшем бірлігі ___________________________________________________
__

20) Саны___________________________________________________________
__

___________________________________________________________________
________

21) Пайдалану мерзімі _________________________________________________
___

___________________________________________________________________
________

Нормативтік-техникалық және әдіснамалық әдебиеттер туралы мәліметтер

22) Атауы: _________________________________________________________
__

___________________________________________________________________
________

23) Өлшем бірлігі ____________________________________________________
__

24) Саны __________________________________________________________
__

___________________________________________________________________
________

Оқыту және аттестаттау өткізу үшін уәкілетті орган бекіткен тест сұрақтары, бекітілген

ішкі қағидалар мен регламенттер туралы мәліметтер

25) Атауы: _________________________________________________________
__

___________________________________________________________________
________

26) Өлшем бірлігі ____________________________________________________
__

27) Саны __________________________________________________________
__

___________________________________________________________________
________

28) Ескертпе ________________________________________________________
___

___________________________________________________________________
________

___________________________________________________________________
________

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
6-қосымша
Нысан

## Жобалау және құрылыс салу процесіне қатысушы инженерлік-техникалық жұмыскерлерді аттестаттау жөніндегі аккредиттелген мемлекеттік емес аттестаттау орталықтарының тізілімі

| Р/с № | Аттестаттау орталығының атауы | Аккредиттеу туралы куәлік берілген күні мен нөмірі | Аттестаттау орталығының штатында тұратын қызметкер туралы мәлімет | Қабылданған жауапкершілік шаралары туралы мәлімет |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

Жобалау және құрылыс
салу процесіне қатысушы
инженер-техник жұмыскерлерді
аттестаттау жөніндегі
мемлекеттік емес аттестаттау
орталықтарын аккредиттеу
жөніндегі қағидалар
мен рұқсат беру
талаптарына
7-қосымша
Нысаны

## Өтініш куәлікті қайта ресімдеу үшін заңды тұлғаның

(уәкілетті органның толық атауы))

(заңды тұлғаның (оның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі), заңды тұлғада бизнес- сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда - шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

№__________ бастап "___" _________ 20___

______________________________________________________________________________

(қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің толық атауы) жүзеге асыруға берілген куәлікті

келесі негіздеме бойынша (тиісті ұяшықта Х көрсетіңіз) қайта ресімдеуді сұраймын:

1) заңды тұлға атауының өзгеруі ___________

2) заңды тұлғаның орналасқан жерін өзгерту ________

Заңды тұлғаның мекен-жайы__________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін - ел, пошталық индексі, ОБЛЫСЫ, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жай) нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________________

Телефондар _________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________

Банктік шот ________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қоса беріледі _ парақ.

Осымен расталады, бұл:

барлық көрсетілген деректер ресми байланыстар болып табылады және оларға

аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу мәселелері бойынша кез келген ақпарат жіберілуі мүмкін;

өтініш берушіге қызметтің осы түрімен айналысуға сотпен тыйым салынбаған;

барлық қоса берілген құжаттар шындыққа сәйкес келеді және жарамды болып табылады;

өтініш беруші аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу кезінде ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келіседі.

Басшы __________ _______________________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Толтыру күні: "__" __________ 20__ жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК